

## Бірсуат ауылы, Шалғай ауылы, Байдала селосының көшелеріне жаңа атаулар беру туралы

Ақмола облысы Аршалы ауданы Бірсуат селолық округі әкімінің 2009 жылғы 22 сәуірдегі № 10 шешімі. Ақмола облысы Аршалы ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 10 маусымда № 1-4-143 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14 бабы 4 тармақшасына сәйкес және Бірсуат ауылындағы 2009 жылғы 10 сәуірдегі, Шалғай ауылындағы 2009 жылғы 13 сәуірдегі, Байдала селосындағы 2009 жылғы 15 сәуірдегі тұрғындар жиналысының хаттамаларын есепке ала отырып, Бірсуат селолық округінің ә к і м і

### Ш Е Ш І М

### Е Т Е Д І :

1. Бірсуат ауылындағы келесі көшелерге төмендегідей жаңа атаулар берілсін: № 1 көшеге – В.Т.Резников. атындағы атауы, № 2, № 3 көшелерін біріктіріп – Жеңіс атауы, № 4 көшеге – Бейбітшілік атауы, № 5, № 6, № 8 көшелерін біріктіріп – Достық атауы, № 7 көшеге – Республика атауы, № 9 көшеге – Береке атауы, № 10 көшеге – Сары-Арқа а т а у ы .

Шалғай ауылындағы № 1 көшеге – Еңбек атауы берілсін.

Байдала селосындағы келесі көшелерге төмендегідей жаңа атаулар берілсін: № 1 көшеге - Әділет атауы, № 2 көшеге – Конституция атауы, № 3 көшеге – Тәуелсіздік а т а у ы .

2. Осы шешімінің орындалуын бақылауды өз жауапкершілігіме аламын.

3. Аталмыш шешім Аршалы аудандық Әділет басқармасында тіркеуден өткен соң, ақпарат құралдарында бірінші рет жарияланғаннан кейін күшіне енеді.

Б і р с у а т с е л о л ы қ

округінің әкімі

Г.Оралканова